

## "Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2016 жылғы 1 ақпандағы № 25 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 17 ақпандада № 3589 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2016 жылғы 16 мамырдағы № 136 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің  
16.05.2016 № 136 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына, "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына, "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Жарлығына, "Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 46/383-V "Оңтүстік Қазақстан облысын басқару схемасы туралы" шешіміне және облыс әкімдігінің "Мемлекеттік мекемелер туралы" 2016 жылғы 18 қаңтардағы № 12 қаулысына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:
  - 1) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;
  - 2) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С. Қаныбековке жүктелсін.

Облыс әкімі Б.

Д.Сатыбалды

Б.Жылқышев

Атамқұлов

*C.Қаныбеков*

*E.Садыр*

*C.Тұяқбаев*

*A.Абдуллаев*

*K.Мендебаев*

Оңтүстік Қазақстан облысы

әкімдігінің 2016 жылғы

"1" ақпан № 25 қаулысына

қосымша

## **"Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль

"жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы және штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Занды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, Қаратай ауданы, Нұрсөт түрғын алабы, Астана даңғылы, 10-құрылыш, пошталық индексі 160023.

10. Мемлекеттік органның толық атауы – "Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы ереже "Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады

Егер "Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекет бюджетінің кірісіне жіберіледі.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

14. "Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы - Оңтүстік Қазақстан облысы аумағында жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру болып табылады.

15. Міндеттері:

- 1) автомобиль жолдары және жол шаруашылығы, автомобиль көлігі салаларында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және үйлестіру;
- 2) жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және жол шаруашылығы салаларындағы іс-шаралар жоспарларын іске асыру;
- 3) экономиқаның және тұрғындардың автомобильмен тасымалдауға және өзге де жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге деген мұқтажын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау;
- 4) өз құзіреті шегінде облыстық маңызы бар автомобиль жолдарында жол қозғалысы қауіпсіздігі талаптарының орындалуын қамтамасыз ету;
- 5) жолаушылар мен бағажды автомобиль көлігімен облысаралық тасымалдауларға байланысты жұмысты үйлестіру және реттеу;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген басқа да міндеттерді атқарады.

#### 16. Функциялары:

- 1) облыстық маңызы бар, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес ұйымдастырады;
- 2) облыстық маңызы бар, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының жөлісін, елді мекендер көшелерін басқару;
- 3) облыстың коммуналдық меншігіндегі жолдарды және жол кәсіпорындарын басқару;
- 4) облыстық жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыныптау тәртібі мен шарттарын бекіту бойынша ұсыныстарды әзірлейді және облыс әкімдігіне бекітуге ұсынады;
- 5) облыстық жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының жолға бөлінген белдеуінде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру тәртібі бойынша ұсыныстарды әзірлейді және облыс әкімдігіне бекітуге ұсынады;
- 6) сыртқы (көрнекі) жарнаманы облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде орналастыруға рұқсат береді;
- 7) жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының атаулары мен индекстерін автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша әзірлейді және облыс әкімдігіне бекітуге ұсынады;
- 8) облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының индекстерінің атауларын бекіту бойынша ұсыныстарды әзірлейді және облыс әкімдігіне бекітуге ұсынады;

9) жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық және аудандық маңызы бар жолдарға кірме жолдарды және жалғасатын жолдарды салуды келіседі;

10) елді мекендердің көшелерін күтіп-ұстаяу, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу кезінде орындалатын жұмыстар түрлерінің сыныптамасын бекіту бойынша ұсыныстарды әзірлейді және облыс әкімдігіне бекітуге ұсынады;

11) облыстық маңызы бар жолдарда, жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын салу, реконструкциялау, жөндеу, енгізу және күтіп-ұстаяу жөніндегі барлық жұмыс түрлерінің орындалуын және оларды бақылауды қамтамасыз етеді ;

12) жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын немесе олардың участкерін өтеусіз уақытша пайдалануға беру бойынша облыс әкімдігіне ұсыныс енгізеді;

13) жолаушылар мен багажды тұрақты ауданараптық (облысішілік қалааралық ), тасымалдаулар маршруттарын және қозғалыс кестелерін әзірлейді және облыс әкімдігіне бекітуге ұсынады;

14) жолаушылар мен багажды тұрақты облысаралық қалааралық автомобильмен тасымалдаулар маршруттарын және жүру кестелерін заңнамада белгіленген тәртіппен келісу;

15) автовокзалдар, автостанциялар және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің тізілімін жүргізу;

16) жолаушылар мен багажды тұрақты ауданараптық (облысішілік қалааралық ), автомобильмен тасымалдау маршруттарының тізілімін жүргізу;

17) жолаушылар көлігін дамытудың кешенді схемасын және жол қозғалысын ұйымдастыру жобаларын әзірлеу;

18) жолаушыларды ауданараптық (облысішілік қаларалық), қатынастарда әлеуметтік мәні бар тасымалдауларды жүзеге асыру кезіндегі тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялауды жүзеге асыру;

19) халықаралық және республикаішілік қатынастарда қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдарының жүргізушілерін арнайы даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарлама берген жеке және заңды тұлғалардың тізілімін жүргізу;

20) мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігін қолдану;

21) өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

22) жолдарда жол жүрісін ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды әзірлейді және іске асырады;

23) жолдарда жол жүрісін қалпына келтіру үшін жол-көлік оқиғаларының зардаптарын жояды;

24) Қазақстан Республикасының "Рұқсаттар және хабарламалар туралы"

заңнамасына сәйкес автомобиль көлігі саласында лицензиялауды жүзеге асыру;

25) халықаралық техникалық байқау сертификаттарын беруді жүзеге асырады ;

26) облыс аумағында техникалық байқаудың мобиЛЬДІ желілері үшін, өткізу кестелерін келісу;

27) шағын көлемді кемелердің кеме жүргізуШІлерін даярлау жөніндегі курсарды есепке алады;

28) шағын көлемді өздігінен жүзетін кемелерді басқару құқығына қуәліктер береді;

29) жолаушылар мен бағажды тұрақты облысаралық қалааралық, ауданаралық (облысішілік қалааралық), тасымалдауды ұйымдастырады, оларға қызмет көрсету құқығына конкурстар өткізеді;

30) интеллектуалды көлік жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуді маманданушы ұйымдар ұйымдастыру бойынша облыс әкімдігіне ұсыныс енгізеді ;

31) жол-көлік оқиғаларынан болған ысыраптың және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған бюджет шығындарының, сондай-ақ жолдардағы авариялық деңгейін азайту үшін қолданылатын шаралар тиімділігінің мониторингін жүзеге асырады;

32) Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелген өзге де өкілеттіктерді жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде жүзеге асырады.

### 17. Құқықтары мен міндеттері:

1) "Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз функциялары мен негізігі міндеттерін орындау мақсатында өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдармен, ұйымдармен, кәсіпорындармен қажетті мәліметтерді алу бойынша қарым-қатынаста болады;

2) "Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша сот органдарына жауапкер немесе талапкер болады;

3) өз құзыреті шегінде сыйайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізеді.

## 3. Мемлекеттік органдың қызметін ұйымдастыру

18. "Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның

функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. "Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын қолданыстағы заңнамаға сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі қызметке тағайындалды және қызметтен босатады.

20. "Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

21. "Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттігі:

1) "Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастырады және басқарады;

2) "Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттер мен қызметтердің, облыс әкімі мен жетекшілік ететін облыс әкімі орынбасарының тапсырмаларының орындалуына дербес жауапты болады;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларға сәйкес "Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерін, сондай ақ, қарамағындағы ұйымдардың басшыларын және олардың орынбасарларын жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларға сәйкес "Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің, "Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдардың басшыларының міндеттері мен уәкілеттіктерін анықтайды;

5) "Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

6) мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдарда "Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мұддесін ұсынады;

7) келісім-шарттар жасасады;

8) сенімхаттар береді;

9) банкте шоттар ашады;

10) өз уәкілеттігі шегінде барлық "Оңтүстік Қазақстан облысының

жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметкерлеріне және қарамағындағы ұйымдардың басшыларына орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

11) "Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметкерлеріне және қарамағындағы ұйымдардың басшыларына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte сыйақы шараларын белгілейді және тәртіптік жаза қолдана алады;

12) Мемлекеттік мекеме басшысы қаржы-шаруашылық қызметіне және мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуы үшін жеке жауаптылықта болады;

13) сыйайлас жемқорлықтың көріністеріне қарсы әрекеттерді күшайту бойынша шаралар қабылдайды және сыйайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылуына дербес жауапты;

"Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындаиды.

22. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

#### **4. Мемлекеттік органдың мүлкі**

23. "Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі мүлкі, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. "Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік облыстық коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

26. "Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесін және қарамағындағы ұйымдарды қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйым:

Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Оңтүстік жолдары" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК